



18 қазан - Рухани келісім күні

Рухани келісім күніне арналған мақалаларды газетіміздің 4,5-беттерінен оқи аласыздар

**5 ҚАРАША
НОЯБРЯ
2023**

Түркістан облысы Созақ ауданының
ӘКІМІН САЙЛАУ
ВЫБОРЫ АКИМА
Созакского района Туркестанской области



Президент:

Қазақстан лаңкестік әдістерді қолдануға мүлдем қарсы

Қазақстан Президенті ТМД-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Қазақстан Президенті қонақжайлық көрсеткені және ТМД-ға төрағалық ету барысында Қырғызстанның табысты жұмыс атқарғаны үшін Садыр Жапаровқа алғыс айтты.

Мемлекет басшысы ТМД жанындағы Серіктес және Бақылаушы мәртебесінің бекітілуін бүгінгі отырыстың айтулы оқиғасы ретінде атап өтіп, бұл шешім Ұйымның кемеліне келгенін және оны дамытудың жаңа кезеңіне қадам басқанын көрсететініне назар аударды.

Қазақстан Президенті геосаяси қайшылықтардың шиеленісе түскенін атап өтіп, әлем экономикасында тұрақсыздық күшейгенін айтты.

«Қазақстан жаһандық сауда-саттық пен мемлекеттердің әл-ауқатына кері әсер ететін экономикалық санкцияларды қолдануға түбегейлі қарсы», деді Мемлекет басшысы.

Президент Таяу Шығыстағы қазіргі ахуалға қатысты пікір білдірді.

«Қазақстан халықаралық өзекті проблемаларды шешу үшін лаңкестік әдістерді қолдануға мүлдем қарсы. Ондаған жыл бойы шешімін

таппай келе жатқан міндеттерді жүзеге асыру үшін бейбіт азаматтарға зорлық-зомбылық көрсетіп, террорлық акциялар жасауға болмайды. Бұл – еш ақтауға келмейтін әрекет», деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның халықаралық қатынастарда әділдік қағидатын орнатуды, халықаралық қоғамдастықтың барлық мүшесінің заңды және егемендік құқығын ескере отырып, оны демократияландыруды жақтайтынын жеткізді.

Мемлекет басшысы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі қазіргі тоқырау жағдайында әмбебап ұйымның өкілдік аясы анағұрлым кең органы саналатын БҰҰ Бас Ассамблеясының рөлін күшейтуге мүмкіндік бар әрі қажет деп есептейді.

«Бұл ретте БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалау ісінде асығыстық танытуға болмайды. Біздің ойымызша, бұл маңызды органға әлемнің барлық аймағының елдері, соның ішінде жаһандық Оңтүстік мемлекеттері мүше болуға тиіс. Шын мәнінде, бұл ұстанымды осы жиынға қатысып отырған мемлекеттер басшыларының барлығы құптауына қуантады», деді Президент.



бағыт бойынша одан әрі ынтымақтастыққа ашықпыз және Әмірліктер инвесторларына олардың бастамаларын іске асыруда жан-жақты қолдау көрсетуге дайынбыз», деді Премьер-министр.

Сондай-ақ ол бүгінде Қазақстан мен БАӘ арасында мемлекеттік басқару саласындағы өзара іс-қимыл белсенді дамып келе жатқанын айтты. Ақпан айында Дубайда өткен Дүниежүзілік үкімет саммиті аясында тиісті меморандумға қол қойылды.

«Біз тәжірибе алмасудың бұл мүмкіндігін жоғары бағалаймыз және мемлекеттік

Мемлекетаралық байланыстың негізгі мәселелері

Премьер-министр Әлихан Смайылов пен БАӘ Министрлер кабинеті істері жөніндегі министрі Мұхаммед Әл-Гаргауи мемлекетаралық ынтымақтастықтың негізгі мәселелерін талқылады.

Астанада өткен кездесуде тараптар сауда-экономикалық өзара іс-қимылды арттыру перспективаларын, инвестициялық ынтымақтастық, мемлекеттік басқару саласындағы тәжірибе алмасу қадамдарын және басқа да мәселелерді қарастырды.

Премьер-министр Біріккен Араб Әмірліктері еліміздің Парсы шығанағы аймағындағы негізгі сауда-экономикалық серіктестерінің бірі екенін ерекше атап өтті. Мә-

селен, өткен жылдың қорытындысына сәйкес екі ел арасындағы тауар айналымы 633 млн долларды құрады. Сонымен қатар жақын арада өзара сауда ауқымын кеңейту арқылы бұл көрсеткішті 1 млрд долларға дейін арттыруға мүмкіндік бар.

Әлихан Смайылов атап өткендей, инвестициялық өзара іс-қимыл жаңа жобалармен де қолдау тауып отыр. Мәселен, елімізге тартылған Әмірліктер инвестициясы өткен жылы – 27%-ға өсіп, шамамен 420 млн долларға дейін жеткен.

«Бірінші жартыжылдықта бұл көрсеткіш 3 еседен астам өсті және қазірдің өзінде 400 млн доллардан асты. Біз барлық басым

жүйенің тиімділігін арттыру үшін Әмірліктердің озық тәжірибесін зерделеуге мүдделіміз», деді Әлихан Смайылов.

Өз кезегінде Мұхаммед Әл-Гаргауи Біріккен Араб Әмірліктері елімізбен қарым-қатынасты дамытуға үлкен мән беретінін баса айтты.

«Біз экономикалық салада оң нәтижелерді көріп отырмыз. Әрине, бізде ортақ үлкен әлеует бар. Экономикалық дамумен қатар, біздің халқымыздың арасындағы достықтың, туристер санының арта түскенін де көріп отырмыз. Біз бұл көрсеткіштердің барлығы одан әрі өседі деп үміттенеміз», деді ол.

«Созақ үні»-ақпарат.

ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



Төлеби ауданының орталығы Леңгір қаласында қазақ күресінен ересектер арасында «Оңтүстік Қазақстан» облыстық қоғамдық-саяси газетінің жұлдесіне арналған дәстүрлі турнир өтті. Қазақ баспасөзінің қара шаңырағы саналатын редакцияның бұл турнирі биыл 60-шы рет өткізілді. Дүбірлі додаға Түркістан облысының аудан, қалалары мен Шымкент қаласының кіл мықтыларынан құралған 13 команда қатысып, 200-ге жуық балуан боз кілемде

белдесті. Кіл мықтыдан, кім мықтыны анықтаған турнирге Созақ ауданының командасы қатысты. Ұлттық спортымыз ұлықталған додада ауданнан жақын күнде ашылған «Спорт клубының» спортшысы, жерлесіміз Дархан Әбдірахман 90 келі салмақ дәрежесі бойынша жұлделі III ші орын иеленіп, 60 келі салмақта белдескен Жасұлан Тамабай 5-ші орынға табан тіреді.

Осы тұста, «Созақ спорт» клубының қазақ күресінен жаттықтырушысы, спортшыларды жарыстарға тыңғылықты дайындап жүрген жеке бапкері Жеңіс Садуақасовтың да еңбегін айта кеткен жөн.

Айта кетейік, жарыстың мақсаты – ұлттық спортымызды ұлықтап, жаттықтырушылардың бір-бірімен тәжірибе алмасуын үйлестіру. Сондай-ақ спортшылардың шеберліктерін шыңдап, алдағы өтетін ірі жарыстарға облыс құрамасын іріктеу болып табылады. Алпыс жыл бойы жалғасын тауып келген жарыс эстафетасын Түркістан қаласы қабылдап алды.



«Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті

Бабата ауылдық кітапханасында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті. «Кітапханаға кітап сыйла» акциясына Созақ ауданының Құрметті азаматы Бабата ауылының тұрғыны, білім саласында жемісті еңбек еткен, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеген, ардагер ұстаз, Бабата ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әбдірашұлы, ауыл қариялары, ардагер кітапханашы Бабақұлова

Гүлсім, Мәншүк Мәметова жалпы орта мектебінің мектебінің ұстаздары, Бабата ауылының мәдениет үйінің қызметкерлері, мектеп кітапханашылары, ауыл тұрғындары кітап жанашылары қатысып, акцияға өз үлестерін қосып, ізгі тілектерін жолдады.

Бабата ауылдық кітапханасының кітапханашысы Елшібекова Айгүл «Кітапханаға кітап сыйла» акциясының өткізілу барысында ауыл тұрғыны мен оқырмандарымен өзара байланыс орнатып, акцияға өз үлестерін қосуына хабарламалар жеткізілуінің бағытында акцияға үлесін қосқан оқырмандар санаты толықты.

Руханият шырақшысы бұл акцияға өзі де оқырман сұраныстарында жүрген 40-тан астам жаңа кітаптар алып, отбасымен (Әбдірашұвтар әулеті) атсалысты.

Акцияда Бабата ауылдық кітапханасының оқырмандары мен мәдениет үйінің қызметкерлері әсем ән орындап, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Акция барысында кітапхана қоры кітапсүйер қауымға қажетті әдебиеттермен толықты. Атап айтсақ, заманауи мотивациялық кітаптар, классикалық әдебиеттер, білім саласындағы кітаптар.

Барша жанашыр оқырмандарымызға алғысымызды білдіреміз!

ЖАСТАР КУБОГІ

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Созақ ауданының 95 жылдығына орай «Жастар кубогі» аясында аудан жа-

марапатталды. «Үздік шабуылдаушы»-Ибраһим Аружан, «Үздік ойыншы»-Дәуренұлы Әділет, «Үздік қорғаушы»-Ғалым Алмаз. Жарыс өз деңгейінде



стары арасында волейбол сайысы өтті.

Жарыс өте тартысты өтті. Жарыста жұлделі орындардан «Созақ», «Алтай», «Виктори» командалары көріне білді. Сонымен қатар, қатысушылар түрлі номинациялармен

өтіп, спорттық арақатынастарды, достықты нығайту және аудан жастары арасындағы құқықбұзушылық, нашақорлық пен маскүнемдіктің алдын алу үшін жастар көңілін бір серпіді.



ТҮНГІ РЕЙД

Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен рейд жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты ауыл жастары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің болмауын, жастардың зиянды әдеттерден аулақ болуын қадағалау.

Ауыл дүкендерінде кәмелетке толмаған жастарға спирттік ішімдік, темекі тағы басқа зиянды заттардың сатылмауын қадағалап, дүкен иелеріне де ескертілді.

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

Созақ ауданы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Созақ ауданынан шыққан ақын Бәтима Батырбекованың шығармалары бойынша оқушылар арасында дөңгелек үстел өтті.

Бәтима Батырбекова 1928 жылы 5 желтоқсанда Түркістан облысы Созақ ауданында дүниеге келген ақын. Түркістан



педагогика училищесін (1945), Шымкенттегі екі жылдық мұғалімдер институтын (1947), ҚазҰПУ-ды (1956) бітірген. 1941-44 жылдары, 1947 - 62 жылдары, Оңтүстік Қазақстан облысында орта мектеп мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, директоры, аудандық партия кабинетінің бөлім меңгерушісі, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, 1962 - 68 жылдары Алматыда орта мектепте мұғалім, мектеп-интернатта тәрбиеші 1968-83 жылдары Қазақ кеңес энциклопедиясы бас редакциясында ғылыми редактор қызметтерін атқарған. Тұңғыш жыр жинағы «Сал-салбілек» 1966 жылы жарық көрген. «Ашылды гүлдер» (1969), «Жарқыра күнім» (1973), «Қосалқа» (1976), «Арқашан күн сөнбесін» (1977), «Іңкәрім менің» (1979), «Күміс алқа» (1980), «Мизам-шуақ» (1983), «Аққу арман» (1986) жыр жинақтарының авторы. Ақынның балаларға арналған жырлары «Подарок малышам» (1969) деген атпен орыс тіліне аударылып басылған.

«Созақ үні»-ақпарат.

Шертпе күй алыбы

Төлеген Момбекұлының туғанына – 105 жыл толуына орай Созақ аудандық орталық кітапханасы, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің ұйымдастыруымен «Шертпе күй алыбы» атты тақырыпта күй алаңы өткізілді.

Іс-шарада күйшінің өмір деректемелері күйлерінің тарихы, ақын, жазушылардың күйші туралы айтқан естеліктері, арнаулары толықтырылған кітап көрмесі жасалынып, келген оқырмандарға кітапханашылар шолу жасап өтті.

Ахмет Жұбанов атындағы балалар саз мектебінің ұстаздары, оқушылары Т.Момбековтің бүгінде елге белгілі күйлері: «Асу», «Қат-қабат», «Мешін», «Мыңжылқы»,



«Салтанат», «Толғау», «Бозінгенің бүлкілі» секілді бірнеше күйлерін тартып, халықтың ыстық ықыласына бөленді. Кітапхана оқырма-

ны, ақын Орынбасар Хасенұлы Т.Момбеков жайлы естеліктерден сыр шертіп, көпшілікпен бөлісті.

Ұлы қазақ жері – мал шаруашылығы ерте заманнан қалыптасқан әлемдегі ең көне аймақтардың бірі.

Ал, мал шаруашылығы ежелден халқымызға тән шаруашылық түрі болып саналады. Елімізде, әсіресе қой, ешкі, жылқы, түйе және мүйізді ірі қара мал түрлері айтарлықтай дамып, жергілікті халықтың негізгі күнкөріс көзі болып табылған.

Қазақ халқы ертеден әрбір мал түрінің ерекшеліктерін жетік біліп, жайылымдарды жылдың қай мезгілінде малды қалай бағу керектігінің білгірі болған.

Жалпы, Қазақстанда XIX ғасырдың соңына дейін негізінен қой, ешкі, түйе және жылқы түліктері өсірілуінің бірнеше басты себептері бар.

Ең алдымен, жалпы жер аумағының 70%-ға жуығын (187 млн га) төрт түлік малды өсіру арқылы тиімді пайдалануға болатын жайылым алқаптары алып жатыр, екіншіден – айтылған мал түрлері жергілікті табиғат пен ауа-райы жағдайларына барынша бейімделген, әрі жыл бойы олар жайылым азығын пайдалана отырып, жергілікті халықтардан өзіндік құны төмен және сұранысқа ие өнім түрлерін алдырып күнкөрістеріне жарата білген.

отизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Мен Созақ жерінде туып – өспеген жанмын. Алматы облысы, Райымбек ауданының Нарынқол жерінен қазақ халқының бір туар ақыны Мұқағали Мақатаевтың ауылынанмын.

Бірақ қазақтың кең даласында орналасқан атам заманнан бергі салт-дәстүрін, тарихи орнын жоғалтпаған Қазақстанның алғашқы астанасы ретінде тарихта қалған Созақ елі күшті, әрі өте құтты өңір.

Шежіре дәстүрде аты Қазақпен қатар аталатын қазыналы Созақ – ежелден қарт Қаратау мен Сырды қауыштырып, алуан мәдениеттерді тоғыстырған, қазақ халқының байтағына баланған өлке, руханияттың нәрлі ошағына айналған киелі өңір.

Созақ жерінде Баба ата (Ысқақ баб) әулиенің кесенесінің күрделі жөндеуден өткізілуі, Құмкент елді мекенінде орналасқан Бабай Түкті Шашты Әзіз, Созақелді мекеніндегі Қарабура әулиелердің кесенелерінің жаңартылуы ел тарихындағы маңызды әулие-әмбилерге деген халықтың қамқорлығында алар орыны ерекше.

Әрине, Созақ жері жер асты байлығымен қатар жер бетіндегі байлыққа толы аймақ. Созақ өңірі төрт



**Бейбіт ҚҰЛАТАЕВ,
Қазақ ұлттық аграрлық
зерттеу университетінің
профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының
кандидаты.**

түлік малдың осы түрін республикасының барлық аймақтарында, әртүрлі табиғи-экологиялық өңірлерінде өсіруге болады. Қой тұқымының ең арзан ет, жүн, қаракөл елтірісін тағы басқада өнімдерін өндіруге болады.

Қой шаруашылығын өркендету – бүгінде де ел үшін әлеуметтік маңызы зор өзекті мәселе. Қазіргі нарық жағдайында мол жерлерін тұрақты игеру, соның ішінде шөл және шөлейт жайылымдықтарды жыл бойы тиімді пайдалану мүмкіндігі тек қой шаруашылығына ғана тән. Өйткені, ірі қара малы шөптің шүйгінін ғана жей алады, ал қой болса тақыр жерлердің де шөбін өз қажетіне жарата алады. Бұл-малдардың биологиялық ерекшеліктеріне байланысты жағдай. Қара мал шөпті тілімен орып жесе, қой малы шөпті тісімен жұлып жейді.

Халықтың күнделікті тіршілігінде төрт түліктің бірі ретінде қойдың орны ерекше. Үйіне қонақ келсе, алдымен қорасына жүгіретін меймандос халқымыз қан шығарып, бас қоймаса, көңілі тыншымайды. Олай істемеуді, тіпті қазақ ұлтының атына лайық көрмейді. Ертеде 100 қойы бар қазақты жарлы санаған. Ал, бүгін елімізде бір адамға бір қойдан

Төскейі төрт түлікпен толысқан Теріскей

Әрине, мал шаруашылығын өркендетуге ыңғайлы аймақтардың бірі кең байтақ қазақ жерін алып жатқан, жерінің аумағы 41 мың км² құрайтын, Түркістан облысының 35% жер көлемін қамтитын Созақ ауданы.

Қазақ даласы қаншалықты ұлан-ғайыр кең болсада, Созақ даласының ұшы-қиырына көз жетпейді шығысы мен батысына, оңтүстігі мен солтүстігіне жету үшін ұшқан құстың қанаты талып, арғымақтың тұяғы тозған кеңдала тарихқа тарихи оқиғаларға толы мекен.

Қожамберді жыраудың «Қаратаудың басында көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» деп жырлауында қаншама ел басынан өткен тарихи шындық жатса, 1930 жылғы Созақ көтерілісінде қазақ тарихында алар орыны ерекше.

Сапар беті – сырға да, жырға да толы, қабырғалы Қаратауының әр тасын түртіп қалсаң, сөйлей жөнелетін, тарихқа да, шежіреге де бай Созақ сақарасы болды. «Әзіреті Қаратау, Әулиелердің кені еді» дегенді де ішке бір түйіп қойғанбыз. Жүректі көптен байраған бауырмал мекен ісі қазақтың құныға құнт қойған құтты қонысы, кәусар кіндігі.

Қасиетті қоныста Қазақ хандығының алғашқы уығы қаланған. Тәуекел хан Созақта кеңес өткізеді. Абылай хан Созақта болады. Төрткүл әлемді қаталдығымен тітіренткен Әмір Темірдің, кешегі Кенесары ханның ізі қалған аймақ бұл. Созақ десек, Қазақ деген сөз еске түседі.

Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де, жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу-шынайы патри-



түлік малды кең көлемді өсіруге де ыңғайлы мүмкіншіліктері мол аймақ. 1991 жылға дейін жыл басына 500 мыңнан астам қой, 9 мыңдай түйе, 14 мың жылқы өсірген Созақ жерінде, қазіргі кезде қанша бас қой малын өсіруге болады деген сұрақ туындайды. Меніңше, түйе мен жылқы басын көбейтуге болады, ал қой малының басын 200 мыңнан асыру ауданға өте күрделі болады. Оның ең басты себебі мал азығын оның қорын дайындаудағы қиыншылықтар. Жем-шөп қорын қыс айларына дайындау ауданда негізінен Шу өзенінің арнасына жыл сайын су

келуіне тікелей байланысты.

Ал, Шу өзеніне судың келуі Қырғыз су қоймасына байланысты екенін ұмытпау керек.

Алайда, Созақ ауданында мал шаруашылығы салаларының ішінде тиімді пайдалануда ерекше орын алатын мал түрлері, олар қой мен ешкі және түйе.

Қазақстанның мал шаруашылығы салаларының ішінде еліміздің Созақ өңірінің кең байтақ жайылым жүйелерін тиімді пайдалануға ерекше орын алатын қой тұқымының маңызы зор.

Жалпы, Қазақ даласын қой малынсыз елестету қиын. Өйткені, төрт

да тура келмейді екен. Қуанышы мен қонағына да, қиындығы мен құрбанына да алдымен қой соятын халқымыздың өмір сүру салтында осы түліктің алатын орны өте үлкен екенін бәріміз білеміз.

Бабаларымыз ежелден-ақ «мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл-көсір» деп бекерге дәріптемеген шығар. Егер кез келген тұжырымның көп жылдық тәжірибе мен ұзақ бақылаудың арқасында жасалатынын ескерсек, біздің бабаларымыз қой өсірудің әдіс-тәсілдерін жетік меңгеріп қана қоймай, оның тиімді-тиімсіздігін экономикалық тұрғыдан да көре-білгені, дәлелдегені даусыз. Сол себепті де халқымыздың күнделікті тіршілігінде аса маңызды осы саланы дамытуға қажетті негізгі алғышарттар – жайылымдық алқаптардың мол қоры, шаруашылықты жүргізу мен өнімдерді өңдеудің, оларды сату мен сатып алудың дәстүрлі де тиімді технологиялары ерте кезден-ақ қалыптасқан. Керек десеңіз, біздің халқымыз үшін қой, бүгінгі тілмен айтқанда, ұлттық валюта рөлін атқарған. Сондықтан да қазақ ұлты қандай қоғамдық құрылыс жағдайында өмір сүрсе де, қой өсіру мен оны одан ары дамытуды бір сәтке де толастатпаған. Мал шаруашылығына қолайлы табиғи ортаның мол болуы, соған орай қыстау, көктеу, жайлау, күзеумен байланысты көшпелі өмір салтының орнығуы қазақ халқының дәстүрлі қой шаруашылығын берік қалыптастырғандығының айғағы.

Қой шаруашылығы жұмыс орындарын көп беретін сала әрі өнеркәсіптік технологиялық дамуға бейімділігі де икемді. Қарапайым тілмен айтсақ, қой шаруашылығы – көпсатылы, яғни кластерлі өндіріс болып табылады. Мәселен, қой өсіру өз алдына, одан сапалы ет пен жүн өндіру және басқа да қажетті қосымша ұқсату өнімдерін алу – ол да бір жеке сала.

(Жалғасы 6-бетте).

ТҰРАҚТЫЛЫҚ-ТҰРМЫСЫМЫЗ

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Білім – ақ пен қараны ажырататын, адам баласының көзін ашатын Алла Тағаланың адам баласына берген үлкен сыйы. Білім – ақыл мен парасаттың белгісі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша,

деп дана халқымыз бекер айтпаған. Әлемдік деңгейде кең қанат жайып келе жатқан ғаламдану үрдісінде әр халықтың өзіндік бет-бейнесін сақтап қалуы мен ұлттық ерекшеліктерді қазіргі өркениет талаптарына сай жетілдіру мәселесі зор маңызға ие болып отыр.

Білім-өмір шырағы

жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Білім – адамзат мәдениетінің ең көрнекті және ауқымды ұғымдарының бірі. Сонымен қатар, қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтап тұрушы негізгі фактор. Әуелі адам баласының басқа жаратылыстан ерекшелігі саналылығы болса, сол саналы жаратылыс иелерін бір-бірінен үстем көрсетіп, бір-бірінің алдында шынайы құрмет пен атақ-абыройға бөлейтін осы білімнің жемісі болмақ. Ол турасында ұлы ойшыл, кемеңгер тұлға Абай Құнанбайұлы: «Тегінде, адам баласын адам баласынан ақыл, білім, ар, мінездеген қасиеттерімен озады», – деп тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйіндеген.

Ал қасиетті Құран Кәрімнің алғашқы түскен «Алақ» сүресінің бес аятында оқуға, білім алуға, ізденуге шақырады. Алла Тағала: «Оқы! Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адамды ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Раббың аса ардақты. Ол қаламмен (хат жазуды) үйретті. Адамға білмеген нәрселерді білгізді», – деп оқу-білім арқылы білмегеніңді білуге, тылсым құпияға толы жаратылыстың сырларына көз жеткізуге мүмкіндіктер ашылатындығын, күллі ақиқатқа тек білім алу арқылы ғана қол жеткізуге болатындығын дәріптейді. Біз өмір сүріп отырған мінсіз жараталыс әлемінде қаншама тіршілік иесінің өмір сүретіні беймәлім. Десек те, өмір есігін ашқан кез келген жаратылыстың өмір сүру заңдылықтары мен өмірге қосар үлесі зор екендігі ақиқат. Алла Тағаланың жаратылысының қайсысы болмасын өмірге келгендегі негізгі міндеттері мен атқаратын қызметтері айқындалып қойылған. Әр жаратылыс өзіне жүктелген міндеттен ауытқыған сәтте, өмір заңдылығы бұзылып, қоғамдағы тыныштық пен тепе-теңдіктің ара жігі ажырауы сөзсіз. Біздің басты міндеттеріміздің бірі қазақстандық отансүйгіштікті, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрмет ететін азамат тәрбиелеу. «Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы»


Халықтың рухани құндылықтары ақпараттар ағымымен, жан-жақтан еніп жатқан жат түсініктер тасқынында жоғалып кетпеуі үшін жас ұрпақтың білімі жоғары болуы тиіс. Тарих беттерін ашып қарасақ ұлт зиялыларының бәрі жеткен жетістіктері менен алған асулары білімнің, ізденістің арқасында екені мәлім. Ата-бабаларымыз жаугершілік заманда ешкімге дес бермеді. Ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен ұлан ғайыр даланы қорғап жастарға қалдырды. Ал қазір қару алып соғысатын емес инновация ғылым, білімнің заманы. Сол себепті заман ағымымен қатар дамып, білім талап етуші талапкер жастар бола білейік. Сонда ғана адам өзінің ой-арманын, талап-тілегін тек білім арқылы қанағаттандыра алады. Білімсіз ешнәрсеге жол ашылмайды. Білікті болсақ ғана қоғамнан лайықты орныңды табасың. Білімді болу бір адамның ғана мәселесі болмауы тиіс. Өйткені қазіргі кезде дамыған елдердің даму деңгейі біліммен өлшеніп отыр. Білімсіз дамыған, қуатты мемлекет болу мүмкін емес. Сан мың ұрпақтың ортақ мұратын ту етіп, болашаққа қадам басқан біздің еліміз дәл сондай дамыған, білімді, қуатты ел болуы қажет. Сондықтан да әрбір жас «Мемлекет маған не береді» демей, «Елім үшін не істей аламын», – деп ойлауы керек. Сол үшін де жастар үлкен мақсат қойып, қиындықтарға мойынсынбай елдің дамуына қажетті мамандықты меңгеру тиіс. Сонда ғана әрбір жас елінің дамуына қандайда бір үлес қоса алады.

Ал күллі білімді қор қылатын: тәкәппарлықтан, ұялшақтықтан, жалқаулықтан өзімізді қашық ұстайық. Сонда ғана керегесі кең, іргесі бүтін, алпауыт мемлекетке айналарымыз хақ. Қорыта келгенде: «Білім – кітапта. Қазіргі таңда балалардың көбісі компьютерде отырады. Күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын ой кеселдерінен өзімізді сақтайық. Шынайы білім – жарқын болашақ кепілі. Өзіміздің жарқын болашағымыз өз қолымызда екендігін ешқашан естен шығармайық.

Е.ЕШТАЙ,
Теолог маман.

Қазақтың қамын жеп, ертеңгі күнін ойлап жөн сілтеп, айтқан ақылы үшін туған туысынан жәбір-жапа көріп, жер аударылғандар көп. Тіпті Ахмет Байтұрсынұлы да бір өлеңінде өз елінің иттерінің балағынан қапқанын ауыр өкінішпен жеткізеді. Заманынан асып туғанның бірі Абай және Шәкәрім. Абай мен Шәкәрімнің адамдық, арлылық, мұсылманшылық, Құдайға жақындық туралы терең толғаныстары қадіріне жете білген адам үшін темір қазық іспетті. Ендеше адаспайтын, ақылды, арлы адамның айтқандарынан бірнеше мысалдар келтіре кетсек.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді. Әрхам Кәкітайұлы естелігінде: «- Әке, мен өз рұқсатыңыз бойынша үш жыл мұсылманша оқып, ораза, намаз, басқадай шарифат жолын үйрендім. Биыл қыс ортасынан бері қарай сізден рұқсат сұрауға уақытым болмай, орысша шkolға түсіп оқыдым. Ондағы



Хакім Абайдан бір үзік ой

мақсатым дін оқуы о дүниеге басшы болса, орыс оқуы бұ дүниеге басшы болмақ. Өнер де, білім де орыста. Бұл күнде біз орыс патшалығына толық бағынған халықпыз», депті. Тарихқа қарар болсақ Абайдың айтып тұрғаны айна-қатесіз шындық. Кезінде Ібір-Сібір жерінде билік қылып кейіннен қақпанға түскен он оқты Ондан сұлтанның баласы Ораз Мұхаммед сұлтан орыстың отты қаруының сырын ұғына алмай-ақ кетті. Әрине қару-жарақта білім-ғылымның жемісі. Бөтен жұрттың тілін білсең өзіменен бірдейлік дағуасында тұрасың деуі де бекер емесі. Бірақ замана ағымы ауысты. Әлемдік білім-ғылым тілі болып өзге тілдер оқ бойы озып алдыға шықты. Қазіргі қазақ баласы да заман ағысынан қалып қоймағаны абзал.

Дана Абай бір өлең жолында: «Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз қол емес. Ынталы жүрек шын көңіл, өзгесі хаққа жол емес», дейді. Біз қазақ ешкімге де арамдық ойламаған, бөтеннің мүлкіне тиіспеген халықпыз деп кейде өз бағамызды шектен тыс асырып жіберетініміз бар. Бес саусақ бірдей болмағаны секілді әлемдегі барлық ұлтта бар жақсы қасиет пен жаман қасиет біз де де бар екенін түсінуіміз керек. Сол себепті болар кейде Құдай деп жүргендердің аузын араммен, алаяқтықпен айналысып, қолын қанмен былғап жүргенін, көріп әлеуметтік желіде ислам дегендерің осыма деген секілді пікір білдіріп жүргендердің көбейіп бара жатқаны. Ал шын мәнінде мұсылман деген қандай болу керек?

Көкбай Жанатайұлы естелігінде: «Абай шын мағынасында мұсылман еді. Бірақ, мұсылманшылығы молда, қожа айтып жүрген сырты сопы, мұсылмандық емес, үлкен сынмен, терең оймен, өз жүрегімен тапқан мұсылмандық болатын. Бергі жерлердегі кітап сөзі, молда сөзі, шарифат жолы дегеннің барлығына сынмен қарап, діннің негізін, мақсат бағытын ғана алып, соны ақиқат діні қып қолданған. Абайдың діні мұсылманшылдықтың ішінде осындай жолмен, үлкен сынмен табылған таза ақыл дін еді. Сондықтан сыртымен тақуалық қылып, ұдайы намаз оқып, ұдайы ораза тұтып, ұдайы құлшылдық қылғанда емес. Намазды оқығысы келген кездерде оқиды, бірақ, ондайда қасына ешкімді алмай, оша үйде жалғыз өзі ұзақ-ұзақ уақыттар отырып оқитын. Онан соң жалпы мұсылманшылық жолындағы үлкен ғұламалар жазған ірі сөздердің барлығын да білетін». Яғни терең толғаныспен пайда болған мұсылмандық. Қазіргі таңда не көп діндар емес діншіл адам көп. Құдайдан хабары

көп болмаса да намаз оқымаған адамдарға тозақты дайын қылып Құдайға жақындатудың орнына керісінше алыстатып алатыны бар. Бірақ Құдайдың адамды сүйетіні, Құдайдың өзі жаратқан пенделеріне махаббаты туралы айтылмай тасада қалып кетіп жатады. Осыған байланысты Жаратушының адамға деген ерекше ықыласы туралы Абай айтқан мына деректі жаза кетуді жөн көрдім.

1868 жылдардан бастап қазақтарды күштеп шоқындыру ісі басталды. 1885 жылы Семей қаласына жандарал Колпаковский келеді. Онымен бірге Петербор қаласында тұратын шоқындыру саясатына әбден дайындықтан өткен қазақ православиялықмиссиясының басшысы архимандрит, кейін епископ Сергей (Петров) келді. Келу себебі жергілікті қазақ молдаларының арасында пікір таласа алатын адам бар болса келсін, жеңілше шоқындырмақшы болып үлкен дайындықпен келеді. Сонда Семейдегі 12 мешіттің имамы хат жазып 250 км жердегі Абайды бес күн ішінде алдыртады. Бұл жерде пікір таластың барлық бөлігін жазбай өзімізге қажетті жерін ғана жазуды жөн көрдік.

«Сергей, мұсылман дінінше құдай күш иесі, қорқытушы, сондықтан құдай жолындағы құлшылдық, тазалық, ақтық барлығы да қорқудан туатын сияқты», – деді. Оған мен: «Біздің құдай «Рахман, Рахым» қуат қана иесі емес, Рақым да қылушы. Қуаты қара күш бастаған қуат емес. Мапақаты бар қуат: әке мен баланың арасы сияқты, әкеше сүюші ие дедім», – дейді. Міне бізге қажеті де осы тұс. Жаратушыны насихаттаймыз деп тек Қаһһар сипатын ғана насихаттамай Рақым сипатына басымдық берілгені дұрыс секілді. Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесең мұсылман діннен шығады деген осы болса керек.

Қазіргі қоғамда сан түрлі пікір, ұстаным бар. Соның бірі қыз баласының қара түспен орануы яғни қара түсті ниқап кию. Қазақ халқы өз тарихында қара түсті ормалды қандай рәсім кезінде киген деген сауал туады. Әрхам Кәкітайұлының естелігінде Абайдың інісі Оспан қайтыс болғанда: «Жаздай қаралы көш, қара шапан жамылған қатын, қыздар, қатарласып дауыс айтатын болды», деген естелікті жазып қалдырды. Яғни орану Құдайдың бұйрығы деп аттан салмай өз тарихымызға бір қарап алып барып оранса қоғамда осынша түсінбестік болмас еді.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Төскейі төрт түлікпен толысқан Теріскей

(Соңы. Басы 3-бетте).

Өткен ғасырдың қыркыншы жылдары шөлді-шөлейтті аймақтарды тиімді пайдалану мақсатында Созақ ауданына қаракөл қойлары әкелініп, өсіріле бастап, 1991 жылы осы қой тұқымының басы ауданда 500 мыңнан өсіп, аудан шаруашылықтарының негізгі саласы, әрі бағыты болып саналатын.

Алайда, еліміз егемендік алған жылдардан бастап қой өнімдеріне деген сұраныс өзгеріп, Шымкент қаласында орналасқан қаракөл елтірісін өңдеу зауыты жеке тұлғаларға сатылып кетуіне байланысты қаракөл шаруашылықтары етті-майлы бағыттағы қазақы қойымен, еділбай қой тұқымымен айналысып кетті. Ал, қаракөл қой тұқымымен ауданда «Қарақұр» ШҚ – ғана тиімді айналысып келе жатыр. Әрине, бұл жерде аталған шаруашылықтың қаракөл қойы етіне Араб елдерінің сұранысы атап өткен жөн болар. Өйткені, араб елдерінде өсірілетін авасси қойларымен қаракөл қой тұқымдарының дене бітімдерімен еті мен қйрық майы көлемі ұқсастығы зор әсер етуде.

Елімізде селекциялық асылдандыру жүйесі қазіргі қой шаруашылығын дамытуда алға қойылған міндеттерге сай келмейді. Сондықтан да, қой шаруашылығын селекциялық жолмен асылдандыруда, оларды бағып-күтуде, еңбекті ұйымдастыруда, жемшөп өндіруде және мал азығын дайындау бағытындағы ғылыми-зерттеулерді кеңейтіп тереңдетіп түскен жөн.

Оның ішінде, ғылыми-зерттеулердің мынадай басым бағыттарына мән берген дұрыс

- селекцияның, гендік инженерияның, биотехнологияның, генетикалық математикалық сараптаманың және бағдарлама жасаудың заманауи әдістерін қолдану арқылы тұқымдық қойлардың өнімділігі және асылтұқымдық сапаларын жетілдіру;
- қой шаруашылығы өнімдері



өндірісінің экологиялық таза технологияларын жасау;

- қойларды азықтандыруды жетілдіру және азықтың базасын зерттеу, мал азықтарының желінуі және құнарлылық құндылығын арттыру, егіндік және шабындық-жайылымдық мал азығы өндірісімен, мал азықтарын дайындау және сақтаудың қарқынды әдістерін, жаңа бағынша толық құнды және қуаттылық сыйымдылығы мол мал азықтарын жасау бағытында зерттеулер жүргізу;

- жәкпалы ауруларды емдеу және олардың алдын-алудың әдістерін жасау;

- шағылыстыру және будандастыру әдістерімен өміршеңдігі жоғары

тұқымды қойлардың отарларын құру;

- нарықтық қатынастарды, сала-лық стандарттарды, қой шаруашылығы өнімдерін сертификаттауды жетілдіру.

Қазіргі кезде жайылымдардың 90%-ы суландырылмаған және ішінара ғана пайдаланылады. Қой шаруашылығының жайылымдық жемшөп қажеттілігін қамтамасыз ету үшін табиғи жайылымдар мен шабындықтарды тиімді пайдалану жолдарын жасай отырып, олардың өнімділігін арттыру жөнінде іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

Шөл және шөлейтті аймақтардағы жайылым жағдайындағы мал шаруашылығы ауыл шаруашылығы өнді-

рісінің тиімді саласы болып табылады. Жайылымдағы мал шаруашылығын тиімді ұйымдастырудың қажетті жағдайы – маусымдық жайылымдардың жекелеген түрлерін, малды маусымдық жайылымдардың бір түрінен екінші түріне ауыстыру негізінде немесе ұзақ қашықтықта оларды барынша мол өнімділік берген жылдары пайдалану болып табылады.

Малды алыс жайылымдарда күтіп-бағу, аз шығын жұмсап, үлкен мал басын ұстауға, шөлді аймақтың жайылымдарын барынша пайдалануға мүмкіндік бере отырып, республиканың қараусыз жатқан аймақтарын шаруашылық айналымға енгізуге жағдай туғызатынын айта кету қажет.

Созақ ауданында болашақ өсіруге ұсынылған қой тұқымы ол ауданның алғашқы әкімі профессор Әбдірахман Омбаевтың басшылығымен шөлді-шөлейтті аймағына жерсінген, қалыптасқан ордабасы қой тұқымы.

Ауданның табиғи-экологиялық жағдайына қалаптасқан мал түрі – ол түйе. Созақ жеріне түйе шаруашылығын дамытуға ерекше маңыз берген жөн. Қыс мезгілін жем-шөп қорын жасаудың шектеулі екенің ескере отырып, ауданның шөл-шөлейтті, құмды аймақтарындағы жұтаң жайылымдардың түйе малын өсіру арқылы тиімді пайдалануға болады.

Ауданда жылқы өсіруінде болашағы мол.

Жылқы – мал шаруашылығының негізгі бір саласы, әрі оның санын көбейту, сапасы мен өнімін арттыру (ет пен қымыз-өндіру) болашақ тиімділігі зор.

Жалпы, Созақ ауданы төрт түлік мал өсіріп, олардан мол өнім өндіріп, ауыл шаруашылығының жетекші саласы болып табылатын мал шаруашылығынан ет пен сүт өнімдерін мол өндіруге бағытталған аймақ.

Елім деп соққан жұдырықтай жүрегім бар

10 қазан-Мүгедектігі бар азаматтарды әлеуметтік қолдау күніне орай, Созақ аудандық «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы мен Созақ аудандық мәдениет, спорт, дене шынықтыру және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Елім деп соққан жұдырықтай жүрегім бар» атты іс-шара ұйымдастырылды. Аталған шараға «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік орталығының директоры Марат Әбілқайырұлы қыттықтау сөз сөйлеп, жылы лебізін арнап, аудан әкімінің атынан ұсынылған сый-сияпаты мереке иелеріне табыстады.

Еліміз егемендік алған жылдардан бері мүмкіндігі шектеулі азаматтар назардан тыс қалған емес. Өмірдің қиын жағдайларына тап болған жандарға мемлекетпен қатар әр азамат қол ұшын созуға даяр.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел



өркендеуінің берік негізгі атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан-Әлеуметтік мемлекет». Сондықтан қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету басты міндеттердің бірі деп айтқан. Соған сәйкес 10 қазан - мүмкіндігі шексіз жандардың

мерекесі болып белгіленіп, Қазақстанда жылда тереңінен ұлықталып келсе, біздің ауданымызда да бұл мереке қалыс қалмайды. Осы бағытта өткізілген іс-шарамызда қонақтарға ақ дастархан жайылып, тілектер сабақтастырылды. Созақ ауданының Құрметті азаматтары

Төлеген Аққұлиев пен Қасымжан Өміров, Созақ ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдіскері Табризова Гүлмира, кітапхананың тұрақты оқырмандары Джуматаева Қалдыкүл, Тоқбаев Базарбай секілді қарияларымыз ақжарма ақ тілектерін арнап, ризашылықтарын жеткізді.

Мерекелік іс-шараның көркін Созақтың атын шығарып жүрген «Созақ серілері» тобы бірнеше әсем әндерін тарту етіп, көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленді. Созақ ауданының Құрметі азаматты, Өміров Қасымжан көкеміз ақ батасын беріп, шараны қорытты. Өмірді сүйетін, өнерді сүйетін мүмкіндігі шексіз жандар, Алла амандық саулықта жолығуға осындай күнді бұйыртысн, рухани кеш жалғасын тапсын деп, ерекше көңіл күйде жылы тарқасты.

«Созақ үні»-ақпарат.

